

1. Насыров А. К., Поляков П. А. Сказки казанских татар и сопоставление их со сказками других народов // Известия Общества археологии, истории и этнографии. – Т. XVI. Казань, 1900. – 112 б.
2. Қасқабасов С. Ойөріс (Фольклор туралы). Астана: «Астана полиграфия», 2009. — 320 б.
3. Турсунов Е.Д. Генезис казахской бытовой сказки. Алма-Ата: Наука, 1973. — 216 б.
4. Ярмухаметов Х.Х. Татарские народные сказки. Антология. Тобольск, 1957. – 318 б.

ӘОЖ 1751

## **КЕНЕСАРЫ ХАН БЕЙНЕСІ – ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА**

**Дініслам Мақпал**

[makpal\\_96\\_21@mail.ru](mailto:makpal_96_21@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің ІІ-курс магистранты, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Кемеңгер Қ.Р.

Кенесары Қасымұлы – 1802-1847 жылдар аралығында өмір сүріп, ғұмырының соңына дейін өз халқының азаттығын аңсап өткен тұлға. Хан Абылайдың немересі Кенесары Қасымұлы жауынгерлік өмірге жастайынан машықтанып, әкесі Қасым, ағалары Саржан, Есенгелділермен қатар жүріп хан баласының халық алдындағы парызын ерте сезінеді. Қазақ әдебиетінде Кенесары Қасымұлының тұлғасын өзек еткен шығармалар жетерлік. Ханның заманында өмір сүріп, қасында жолдас болған ақын-жыршылардан бастап тәуелсіз елде қалам тербеп отырған ақын-жазушылардың шығармашылығынан хан Кене туралы жазылған туындыларды көптеп кездестіруге болады. Сондай-ақ, ХІХ ғасырда өмір сүрген француз жазушысы Жюль Верннің «Патша шабарманы» романында, ағылшын саяхатшысы Томас Аткинсонның жазбаларында, шетел ғалымдарының еңбектерінде Кенесары хан туралы құнды да шынайы пікірлер кездеседі. Бұдан қазақтың соңғы ханы Кенесарының өз заманында атағы мен атқарған істері алыс-жақын шет елдерге кең тарағанын білуге болады. Тарихи тұлға мәселесін қарастыратын болсақ, қазақ әдебиетінде бұл полемикалық тақырып болып келді. Қазақ тарихында болған тарихи тұлғалар туралы шығармаларда олардың образына қатысты полемикалық тұстар өте көп. Әсіресе, кеңес кезеңінде хандардың, батырлардың образы сан бұрмаланды. Кенесары ханның бейнесі де солақай саясаттың кесірінен өз халқына түрлі образда көрінді. Бұл жөнінде әдебиет зерттеушісі, ғалым, сыншы Р. Бердібай «Елдің туын көтерген ер Кенекең» атты мақаласында кеңес үкіметі кезінде мансап іздеген көп адам Кенесары Қасымұлы сынды қаһарманның есіміне күйе жағуға тырысқаны, кеңес үкіметінің көздеген мақсаты орыстан өзге халықтың тарихын ұмыттыру болғаны жайында ашық айтады [1, 125 б.]. Ғалым Кенесары Қасымұлының көтерілісінің себебін өзге шығармаларда айтылғандай, патша үкіметінің қазақ жеріне бей-берекет басып кіруі, ойына келгенін істеуі деп түсіндіреді. Кенесарыны қолдап қазақ елінің әр өңірде көтерілістердің бұрқ етуі – Кене ханды халықтың демегенін дәлелдейді. Мақала соңында автор қазақтың соңғы ханы туралы жазылған шығармалардың ең құндысы деп М.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасы мен І. Есенберлиннің «Қаһар» романын атайды.

Тарихтағы болған оқиғаларды, тұлғаларды әдеби бейне ретінде сомдауда түрлі тәсілдер қолданылады. Бұл – жазушы еңбегінің аса күрделі болмысы ретінде саналып, ұлттық танымда жоғары бағаға ие болатынына дау жоқ. Ұлт тарихы мен халық дамуының кезеңдік оқиғалары, өмір шындығы мен көркемдік шешім, ой мен сөз, жазушының тілі, стилі айқын болуы,

шынайылығымен әсер етуі басты өлшем болады. Шығармашылық иесінің қолтаңбасы анық, өмір тәжірибесі мол, ақыл-парасат көкжиегі, қиялы мен шабытының арнасы, ауқымы кең болуы жазушы еңбегінің жарқырай көрінетін тұстары болып есептеледі.

Егемендік алған сәттен қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырып толықтай азат елдің көзқарасымен жазыла бастады. Кеңестік үкімет үстемдік құрған уақытта саяси цензураның кесірінен тарихи шындық, тарихи тұлғалардың бейнесі бұрмаланды. Тіпті, қазақ әдебиеті мен тарихының жолында бірлесіп еңбек еткен зиялы қауым өкілдерінің пікірлері де бір арнаға тоғыса алмады. Қанмен, термен келген егемендік қазақ әдебиетінің жаңа тынысын ашты, әдебиет саяси тұсаулардан босады. Тәуелсіз ел болғаннан кейін жарық көрген тарихи шығармаларда ақын-жазушылар идеологиялық құрсаудан босады.

Ақын Әбубәкір Қайранның «Кенесары» тарихи дастаны - композициялық құрылымы, көркемдік шеберлігі жоғары деңгейде жазылған эпикалық шығарма [2, 15 б.]. Дастан бірнеше тарауларға бөлініп әр тарауға тақырыпшалар қойылған. Тақырыпшалар тараудың мазмұнын ашып тұрады. «Толғаныс. Елес. Мінажат» тарауы автордың қазақ тарихына қатысты ішкі жай-күйін, толғанысын суреттеумен басталып, әрі қарай оқырманды Петербордағы Кунскамераның ішіне ендіргендей болады. Бейтаныс бір дауыс өз заманында елінің ардақтысы болған Кене ханның басы бұл жерде жоқ екенін айтады. Қаншама бастың ішінен Кенесары ханды іздеген автордың көзіне елес көрінеді. Бара-бара ол елес шынға айналып көз алдымызға Кенесары хан келеді. Алаша ханның мазарының басында жалғыз отырған Кенесары хан оқырманға Алаша ханның өмірі мен ерлігін қысқаша сөз етеді. Дастанның осы тұсы оқиға Кенесары ханның монологымен беріледі. Қаракенгір бойындағы Алаша хан күмбезінің биіктігі Алаша ханның асқақтығына дәлел болып тұрғандай сипатталады. Хан Кене қазақтың қазіргі күйі аянышты боп тұрғанын айтып осы жұртты бақытты қылу үшін өз өмірін аянбауға Алаша хан әруағының алдында ант етеді. 1841 жылы, сиыр жылында Кенесары үш жүзге хан боп сайланады. Абылайдың ақ ордасын Көкшетаудан алдырып Ұлытау жерінде көтереді. Бұндағы мақсат – Кенесарының билігін мойындамай жүрген сұлтандарға сес көрсету болатын. Алайда, жырда Кенесары Қасымұлы хандық лауазым, атақ-даңққа мүлдем қызықпайтын образда көрінеді. Кенесарыны Абылай жолымен ақ киізге хан қылып көтеру Бопай ханымның бастамасы деп айтылады. Кенесарының әпкесі Бопайдың батырлығы, сөзінің ханға да өтімді болғандығы, қазақ арасында аса сыйлы екені тарихи деректерден де белгілі. Ақын Әбубәкір Бопай ханымды «жолбарыстың қаншырына» теңейді.

«Ой. Орда. Нысанбай» атты тарауда Кенесарының Абылайдан бергі бабаларының жоңғар, орыс, қоқанмен айқасып өткен өмірі баяндалады. Дос болам деп барған Қоқанның тұзағына түсіп өлген Саржан мен Есенгелді ағаларының кегі Кенесарының жүрегінде мұз боп қатқан. Кенесары ақ орданы құрып алып уайымсыз билік құрып жата алмайтынын түсінген. Сондықтан, бір жерде отырып қалмай өле-өлгенше қазақ үшін «көшпелі хан» атануға серт береді. Осы тарауда Нысанбай жыраудың бейнесі анық сипатталады. Жиырмадан асқан жас жыраудың қазақ арасында беделі артық. Кенесарының ақылшысы, жырауы Нысанбай Жошы хан заманынан бастап қазақ хандарын жырлағанда тебіренбейтін адам болмайтын еді. Әрі қарай ханның інілері, аға-сұлтандар Нысанбай жыраудың сөзімен сипатталады. Ханның жақсы көретін інісі Наурызбай аталмыш дастанда жиырмадан енді асқан, түр-сипаты келіскен, ат үстінен түспейтін, жауынгерлік өнерді шебер меңгерген ер жігіт ретінде көрінеді. Өзге жырларда мінезі қызуқанды боп сипатталатын Науан батыр бұл жырда сабырлы, жұмсақ жүректі деп сипатталады. Әбубәкір Қайранның «Кенесары» дастанында басқа шығармаларда көп кезіге бермейтін Кенесарының тағы бір інісі – Әбілғазы көрінеді. Білім жолына бет бұрған, орысшаға жүйрік, сауатты Әбілғазы Кенесары ханның қасындағы хатшысы болып жүреді екен. Патшаға пара беріп жағынған, дүние жинаудан басқада ісі болмайтын талай бай-сұлтандардың аты айтылады. Сәмеке, Уәлиден тараған бай-шонжарлардың көпшілігі өз бастарын патша үкіметінің жағына шығып кетеді.

Арыстан, Ахмет Жантөриндер, Шыңғыс Уәлиұлы, Қоңырқұлжа Құдаймендіұлы, Есней би тоқсан түрлі қулығы бар, тасбауыр байлар боп сипатталған. «Кеңес. Жарғы жобасы» тарауында Кенесарының үш күн бойы өткізген жиынында сөз болған мәселелер тізіледі. Қазақ жұрты ислам дінінің шарттарына және Тәуке ханның «Жеті Жарғысына» бағынатын боп шешіледі. Осы тұста автор әскери жүйедегі жүзбасы, мыңбасы, билет соты, байларға салынатын «зекет» салығы сияқты түрлі заңдарды өлең жолдарымен шебер жеткізген. «Торғайда. Түс» тарауында Кенесары ханның түсінде анасын көруі оқырманға айрықша әсер береді. Батырлық, байлық, даналық туралы Кенесарының ішкі толғанысы жырланады. «Қоқан хандығы. Мәделі. Жеңіс» тарауында Кенесары хан ағаларын өлтірген Қоқан ханы Мәделіден кек алады. «Кенесарының Сарыарқамен қоштасуы немесе төрт жылдық баян» бөлімінде Кенесары ханның ата-бабасының ордасы болған, өзінің жастық шағы өткен Сарыарқадан қимай қоныс аударуы Кенесарының монологымен беріледі.

«Ойжайлауда. Қырғыздар» атты бөлімде Кенесары мен қырғыздың арасындағы соғыс неден басталғаны айтылған. Хан Кене қырғыздарға екі бауырлас ел бірігіп орыс пен қоқанға қарсы шығайық деп бірнеше рет елші жібереді. Бұл ұсынысты қабылдаудың орнына қырғыздар қазақтың жазықсыз ауылдарын бірнеше рет шауып кетеді. Автор бұл тұста қырғыз манаптарының да ішкі ойын жырға қосады. Қырғыздың Орман манабы Кенесарының одақтастық жасаудағы ойы қырғыз елін қосып билеу болар деп ойлайды. Арғы атасы Әтекенің Абылаймен қырғи-қабақ болғаны тағы бар. Ашуланған Кенесары қырғыздың бірнеше қамалын басып алады. «Кекілік-Сеңгірдегі соғыс. Қаза» тарауында, аты айтып тұрғандай, Кенесары жасағының қырғыз жасағымен соғысы баяндалады. Қырғыз әскерінің саны көп болса да қазақ әскерінің ержүректігі жауды бірталай жасытады. Еңселері түскен қырғыз манаптары қазақ билері Рүстем мен Сыпатайдан хат алған тұста әбден жадырайды. Сөйтіп, қазақ ханы Кенесары өз қазағынан сатқындық көріп жеңіліске ұшырайды. Қырғыздың тұтқынына түскен Кенесары ханның ішкі азабы, Наурызбайдың өз ағасы Кенесарының артынан өз еркімен келіп жауға берілгендегі Кене ханның күйігі осы тараушада сөз болады. Қырғыздардың шектен шыққан қатігездігі мына тұста көрінеді. Қырғыз манаптары Наурызбайдың: «Бір батырларыңмен жекпе-жекке шығам. Мен жеңсем Кенесары ханды босатындар», - деген сөзін күлкі қылып «қанға тоймаған Абылай ұрпағын өз қанына тойғызайық» деп Наурызбайға өз ағасы Ержанның (Саржанның ұлы) қанын ішкізеді. Наурызбайдың өзін екі қолын кезек шауып азаптап айуандықпен өлтіреді. Автор дастанды «Соңғы толғаныс» тараушасында:

«Дәл бүгін Кенесары көтеріп тұр,

Қазақтың намысы мен ар-иманын!» – деп аяқтайды.

Тарихи дастанның басты мақсатының бірі – оқырманға рух беру болса, Әбубәкір Қайранның «Кенесары» дастаны бұл мақсатқа жеткен шығарма деп айта аламыз. Поэманы тәуелсіздік жылдары жазылған еңбектердің ішінде ерекше орын алар туынды деп бағалаймыз.

2002 жылы қарымды қаламгер, ақын Төлеген Қажыбайдың «Хан Кене» атты шығармалар жинағы жарық көрген. Екі бөлімнен тұратын жинақта Абылай хан, Кенесары хан, Ағыбай батыр, Мағжан ақын сынды тұлғаларға арналған жырлар мен драмалық шығармалар топталған [3]. Мысалы, «Кене ханның арманы» өлеңінде автор бірінші жақтан, хан Кененің атынан сөйлеп, ханның елін азат етсем деген биік арманын жыр етеді. «Көкшетаумен мұндасу» өлеңінде диалог арқылы автор Көкшетаумен сырласады. Абылайдай, Кенесарыдай хандарын жоғалтқан, ботасынан айрылған інгендей күн кешкен Көкшетаудың мұңын жырға қосады. «Хан Кененің Нысанбаймен қоштасу зары» өлеңінде Хан Кененің атынан Нысанбайға арнау айтылады. Халқының арманын орындау үшін 10 жыл орыспен алысқаны, ақырында іштен шыққан жаудың кесірінен қапыда қаза тапқаны, өзінің орындалмай кеткен арманын ұрпағына тапсыратыны жыр жолдарымен беріледі.

«Хан Кененің қазасы» тарихи трагедиялық драмасы Кенесары хан, Наурызбай, Ағыбай батырлар, Нысанбай жырау, Кәрібоз сынды кейіпкерлерді қамтыған [3, 111 б.]. Драманың басталуының өзі трагедиялық сарынға толы. Кенесары хан қырғыздың тұтқынына түсіп қазақтың тауы шағылған мүшкіл хәлі Ағыбай мен Нысанбайдың сөздерімен жырланады. Сыпатай мен Рүстем билердің сатқындығы ұрпақтарына мәңгі таңба дейді. Сарыарқаны кеулеп басып бара жатқан орыстың озбырлығы, бауырым деп жүрген қырғыздың дұшпандығы сөз болады. Екінші көріністегі сөзтартыс тұтқындағы Кенесары, Наурызбай мен қырғыздың батыры Кәрібоздың арасында өтеді. «Көктегі Құдайын ұмытып асқақтап кеткен Кенесары мен Наурызбайды алдыма әкелді» деген Кәрібоз кеуде керіп қос батырды табалайды. Өлімнен де тайсалмайтын қазақ батырлары дұшпан тұтқынында болса да ерлік намысынан, батырлық биігінен түспейді. Кәрібоздың бейнесі де қолынан келгенше елін қорғаған, есесі кеткен қырғыз батырларының кегін алған жауынгер ретінде көрсетілген. Кене ханның қырғызбен жауласатын ойының болмағандығы осы шығармадан да анық көрінеді. «Халқында алар құным жоқ, Орман ханың сатылды» деген жолдардан Кенесарының ашуын тудырған қырғыз ханы Орманның қорқақтығы мен сөзден тайқуы екендігін байқаймыз. Драма қос батырдың өлімімен аяқталады. Төлеген Қажыбайдың «Алдияр» атты келесі бір трагедиялық драмасында кейіпкерлер саны алдыңғыдан көбірек [3, 133 б.]. Оқиға Ақмола бекінісін алу кезінен басталады. Кенесарының Құдайменді баласы Қоңырқұлжа, Күшік баласы Құлжан, Кішкентайдың Аққошқары, Жантөренің Ахметі сияқты сатқындармен тікелей диалогы бар. Қоңырқұлжаның патша шекпені үшін елін жығып беруге даяр жымысқы ойы білінеді. Қазақ жерін әрі қарай оңай билеп-төстеу үшін зерттеуші отряд жіберген патшаның жасағына осы Қоңырқұлжа жағдай жасайды. Екінші көрініске арғыннан шыққан Арыстанбай ақын да қатысады. Өнерді сыйлайтын хан Арыстанбайдың бір қатесін кешіріп бостандық береді. Үшінші көріністе Кенесары ханның ішкі жай-күйі, ішіндегі алапат психологиялық тұрғыда суреттеледі. Қырғыздардың одақтастыққа келіспей жіберген екі елшісін өлтіріп жібергендерін, барымтамен қазақтан мал алып кетіп жүргендерін, онымен қоймай Кенесарыға әйелін берсіп деп сес көрсеткенін айтады. Елін сатқан Сыпатай мен Рүстем билердің жымысқы ойлары, Кенесарының жасағын жау ортасында тастап кетуді ойластырғандары – бәрі де шығармада көрініс табады. Шығарма мазмұны бойынша Кенесары хан патша үкіметіне қарсы күресте өзінің жеңілетінін сезді. Оған ханның бірнеше қайтара көрген түсі, оны жоруы дәлел бола алады. Алайда, Кенесары хан осы жолды, егемендік үшін соңына дейін күресіп өлуді таңдағаны айтылады.

Белгілі ақын Серік Тұрғынбекұлының «Кемеңгерім, Кенекем» өлеңі 1999 жылы жазылған. Ақынның өлеңдерін оқи отырып оның өмірден түйгені, көргені, оқығаны мол адам екенін байқауға болады. «Кемеңгерім, Кенекем» өлеңінің тілі түсінікті, сөздері жігерлі [4, 90 б.]. «Кемеңгер» деген сөздің өзі даналық пен дарынның ең жоғарғы деңгейіне жеткен адамға айтылады. Өлеңге эпиграф болып М. Жұмабайдың «Оқжетпестің қиясында» поэмасындағы Арқада Көкшетауға жер жетпейді,

Қазақта Кенекеме ер жетпейді,-деген үзіндісі алынған. Өлең Кенесары Қасымұлының бар болмысын ашады. Ханның батырлығы – «қамал бұзған қаһарман; өткірлігі – ...тартып тілін көрмеген, таусылғанша татар дәм; төзімділігі – ...күні-түні жортса да, арып-ашып көрмеген, артық туған арысым; ...арындаған арғымақ, нәр татпаған неше күн; халқына қамқорлығы – жалпақ елдің жалғаған, жақыны мен алысын; саясаткерлігі – ...өзгелерге айтпаған, өзі білген есебін» деген жолдармен сипатталады. Ақын Кенесары Қасымұлын кез келген жауды тіліп өтер алдаспанға, ақ семсерге теңейді. Қазақтың байтақ жерін қорғауда жанын пида еткен Кене ханның әруағына бас иеді.

Ақын, публицист, бірқатар саяси кітаптардың авторы Жұмаш Кенебайдың (Көкбөрі) «Хан Кене» атты дастаны автордың шеберлігін анық көрсетеді [5, 299 б.]. Жыр жоғары деңгейде жазылған, оқып отырып автордың сөз саптау қабілеті мен білімін пайымдауға болады. Шығарма

оқырманды еріксіз толғандырады. Білге қаған, Күлтегіндерден бастап қазақ халқының тарихында болған көшбасшыларды айта келіп ел азаттығы үшін күресіп өткен батыр Кенесарыны жырлайды. Қаптаған қалың орыс пен аждаһадай қытайдың ортасында қалған қазақтың кең даласын қорғау – хан Кененің өмірлік мұраты болғанын айтады. Дастанда Кенесары Қасымұлының болмысы, келбеті нанымды әрі шебер суреттелген. Көк Түріктің ең соңғы Көк семсері деген тенеу ханның батырлық болмысын керемет ашқан. Оттан да, судан да тайсалмайтын, бес қаруын сайлаған батырдың келбетіне көз тоймайды делінген. Кене ханның арман-тілегі жыр жолдарымен келесі мазмұнда беріледі. Қазақ елі еңсесін тіктеп алыс-жақынмен тең болса, елде әділдік пен ырыс орнаса, ұрлық, өтірік, жемқорлық атымен болмаса деген арман ханның көкірегінде сайрап тұр. Автордың көкбөрінің ұлыған дауысын қазақтың жәрдем тілеп зарланған дауысымен астастырған тұсы оқырманға ерекше әсер береді. Көкбөрінің Кенесары ханды тұтқиылдан тап берген жаудан құтқарып қалуы – қазақ ханының болмысы мен бөрінің болмысын бір-біріне ұқсас, жақтас қылу. Шығарманың айтпақ ойы – Көкбөрідей жаумен алысып өткен Кенесары ханның ерлік болмысын әр қазақ үлгі тұту керектігін ұғындыру. Дастанның тағы бір ерекшелігі – адам үшін қасиетті ұғымдар мен автор танымындағы қадірлі нәрселердің үнемі бас әріппен берілуі. Ондай сөздердің қатарына Кенесары ханның жеке тұлғасын сипаттайтын барлық есімдер (ер, хан, батыр) мен абстрактілі ұғымдар енген. Мысалы, Ұлы Хан, Түрік, Қазақ, Азаттық, Көк, Өмір, Өлім, Арман, Ел, Отан, Ұлт, Көкбөрі, Үміт, Әділет ұғымдарының бас әріппен жазылуы – бұлардың әр қазақ үшін қастерлі түсініктер екенін білдіреді. Автордың қорытынды сөзінде бүгінгі қазақ өзінің текті халықтың ұрпағы екенін ұмытпай елі үшін еңбек етсін деген тілек жатыр.

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын Алмас Темірбайдың «Кенесарының келмеске кетердегі жыры» (Зар-толғау) атты жыры 2002 жылы жазылған. Жырдың эпиграфы ретінде 1903 жылы «Тургайская газетаның» № 21 санында жазылған Кенесарының өлер алдындағы айтқан сөзі, ауыр күрестің жолын баяндағаны жөніндегі мақаланың үзіндісі алынған [6, 51 б.]. Өлеңнің өзіне тән ерекшелігі – әр жолы бастан-аяқ «Қ» әрпінен басталып жазылуы. Бір өлеңге толықтай аллитерация тәсілін қолдану шығарманың қуатын одан сайын арттырып тұр. Өлеңнің жазылу стилі, көркемдік деңгейі жоғары. Әр шумағы мірдің оғындай анық жазылғандықтан оқырманға рух береді. Автор шығарманың басында Кенесары ханның өлер алдындағы сөзі бар екеніне сілтеме келтіріп өлеңнің жалпы мазмұнынан хабардар етеді. Өлең өкінішке, ашу-ызаға толы. Сенген адамы, өз қазағы сатып кеткеніне налиды. Қазақ халқының барлық руларын қамтыған көтеріліс ауқымды, қазақ әскерінің саны көп болды. Сол себептен де Кенесары көтерілісі орыс пен қоқанға үлкен қауіп туғызды. Кенесары бастаған әскер ыстық-суық деместен қаншама жыл азаттық үшін күресті. Алмас Темірбайдың өлеңінде Кенесарының құлдықтан құтылу жолындағы бар әрекеті ханның өз аузымен беріледі. Інісі Наурызбайды қабылан мінезді батыр, Нысанбай жырауды қайтпас қара нар деп жоғары бағалайды. Кенесарының бар қазақ даласымен, елімен, сарбаздарымен қоштасатын тұсы әсерлі. Қырғыздың Орман ханына, Әлішер, Жантай, Қалығұл сияқты екіжүзді манаптарына алданып қалғанына өкінеді. Алайда, өлең Кенесарының өшпес үмітімен, болашаққа деген сенімімен оптимистік сарында қорытындыланған:

«...Құласа дағы хан Кене,  
Қазақтың туы құламас,  
Қуанар күнім алда екен  
Қабағым оң жақ тартып тұр,  
Қасымның қайсар ұлдарын  
Қаһарман ұрпақ жоқтатпас [6, 51 б.], -

деген жолдардан Кенесарының жарқын болашаққа деген үміті жатыр. Кенесары хан өзі арман еткен азаттыққа ұрпағының қол жеткізуін тілейді.

Қорыта айтқанда, жоғарыда талданған шығармаларды ала отырып тәуелсіздік кезең әдебиетінде Кенесары Қасымұлының тұлғасы жаңа, еркін көзқараспен ашылғанын көреміз. Бұл орайда біз отыз жыл ішінде қазақтың соңғы ханы туралы жазылған барлық туыдыны қамтуды мақсат етпегенімізді айтқымыз келеді. Мақалада қарастырылған авторлар тарихи шындық пен өзінің жазушылық шеберлігін қолдана отырып хан Кенеге қазақ әдебиетінен лайықты дәреже бере алды деген қорытынды айтамыз. Қасық қаны қалғанша қазақ елі үшін күрескен қайраткер Кенесары Қасымұлы туралы шығармалар ханға деген ерекше құрметпен, өскелең ұрпақтың көзқарасымен әлі де жазылады деп сенеміз.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Кәусар бұлақ. – Екінші том. Алматы: «Қазығұрт», 2005. – 472 бет.
2. Қайран Ә. Ерасыл: Тарихи дастандар, балладалар, толғаулар, өлеңдер. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2012. – 216 б.
3. Қажыбаев Т. Хан Кене. Толғаулар, дастандар, драмалар. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2002. – 184 б.
4. Тұрғынбекұлы С. Жерорта: Жыр кітабы. – Алматы: Жазушы, 1998. – 208 б.
5. Кенесары хан / Жинақты құрастырушылар: Сұлтан, Аман Шота Нұғманұлы, Азамат Ақылбеков. – Алматы, 2017. – 408 б.
6. Темірбай А. Аллажар. Өлеңдер, балладалар, толғаулар. Көкшетау: Көкшетау университеті баспасы. – 2004. – 72 б.

ӘОЖ 1751

### АЛАШ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МОНАГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ

Елтай Арайлым Нұрғалиқызы  
[arailym.yeltay@mail.ru](mailto:arailym.yeltay@mail.ru)

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау мамандығының магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – С.Б.Жұмағұл

Әр заманда, әрбір тарихи кезеңде белгілі бір халықтың танымы оның мәдениетінде: рухани және материалды құндылықтарында, білімі мен ғылымында айқындалатыны айдан анық. Ал заман дамып, ғылым-білім өркендеген сайын, аталмыш құндылықтар жан-жақты зерттеліп, әр алуан қыр-сыры қарастырылатыны сөзсіз.

Қазақ халқының құндылықтарына тоқталатын болсақ, біз оларды ғасырлар бойы қалыптасқан халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінен аңғара аламыз. Ал ХХ ғасырдың басында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен тағдырына ерекше ықпал еткен тарихи оқиғалардың әсері отандық ғылымның, білім жүйесі мен мәдениеті бағытын жаңа арнаға бұрған болатын. Сол тарихи дәуірде көрініс тапқан жарқын тарихи үрдістердің бірі – Алаш партиясының құрылуы.

Тарих беттеріне көз жүгіртетін болсақ, Алаш қайраткерлерінің бастамасымен қазақ халқының мүддесі үшін атқарған қызметтерінің нәтижесінде елдік мемлекеттік іргетасы жаңарып, білім, ғылым, мәдениет, мемлекеттік басқару, тіл және әдебиеттану салалары бұрын-соңды болмаған қарқында өркендеді. Маңызды реформаторлық қадамдар қазақ мемлекеттілігін жаңғыртуға тарихи жол ашып берді. Осынау құбылыстың рухани және саяси өмірдегі мән-